ҚОҒАМ

ҚАЗАҚСТАН МЕН ИСПАНИЯ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ӨНДІРІСТІК ЖОБАНЫ ҚОЛҒА АЛДЫ

2-бетте

АЙМАҚ

ЕҢБЕК БЕРЕКЕГЕ КЕНЕЛТУДЕ

3-бетте

АҚПАРАТ

БАСТЫ НАЗАРДА – СОТ ЖҮЙЕСІНІҢ САПАСЫ

4-бетте

SALYQ TÁRTIBI

Газет 1994 жылғы наурыздан шығады

www.salyq-gazet.kz | РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ | saltar61@mail.ru | №67 (1926) 14 маусым 2025 жыл

ПРЕЗИДЕНТ

ПАРЛАМЕНТТІК АССАМБЛЕЯ – ӨТЕ МАҢЫЗДЫ САЯСИ ҚҰРЫЛЫМ

Мемлекет басшысы Түркі мемлекеттері Парламенттік ассамблеясына мүше елдер парламенттерінің спикерлерімен кездесті.

Президент мәртебелі меймандарға ілтипат білдіріп, бүгінгі жиынның мән-маңызы ерекше екенін айтты.

– Парламенттік Ассамблея – өте маңызды саяси құрылым. Қазақстан бұл Ұйымды барынша қолдайды. Мен өзім он жыл бойы Сенат Төрағасы ретінде жұмыс істедім, парламентаралық байланыстарға белсенді түрде қатыстым. Жалпы, Парламенттің жұмысын жақсы білемін, түсінемін. Қазір Парламенттік Ассамблея аясындағы бірлескен күш-жігеріміздің арқасында түркі ынтымақтастығы жылдан жылға нығайып келе жатыр. Бұл – өте жақсы үдеріс, себебі тұтас түркі жұртының халықаралық беделі мен ықпалы да арта түсуде. Ең бастысы, елдеріміздің арасында өзара жақындасуға деген талпыныс бар. Қазақстан алдағы уақытта да түбі бір түркі халықтарының жан-жақты ынтымақтастығын дамыта беруге мүдделі, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент еліміз Парламенттік ассамблея ұсынған тың бастамаларды қолдайтынын айтып, түркі ықпалдастығына үлес қоса беруге дайын екенін мәлімдеді.

– Қазақстан – Түркі мемлекеттері ұйымының негізін қалаушылардың бірі. Бұл құрылым елдеріміздің экономикалық және мәдени-гуманитарлық дамуына ерекше ықпал етеді деп сенеміз. Оның әлеуетін халықтарымыздың ортақ мақсатына пайдаланған жөн деп санаймыз. Былтыр Қазақстан Түркі мемлекеттері ұйымына төрағалық етті. «TURKTIME» ұранымен біз бірқатар маңызды жобаны жүзеге асырдық. Түркі ықпалдастығын тереңдетуге серпін беретін 100-ге жуық іс-шара ұйымдастырдық. Астанада V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары өтті. Байрақты бәсеке Ұлы дала өркениетін жер-жаһанға танытты. Түркі әліпбиінің ортақ нұсқасы бекітілді. Мұны тарихи оқиға деуге болады, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Түркі мемлекеттері ұйымының жанындағы Тұрақты өкілдерді тағайындау туралы шешім қабылданғанына, ұйым елдері арасында сауда-экономика, энергетика, қаржы және инвестиция саласындағы байланыс арта түскеніне назар аударды.

– Түркі инвестициялық қоры өз қызметін тиімді жүргізіп отыр. Осының бәрі – түркі ықпалдастығын бекемдей түсетін маңызды қадамдар. Біз Түркі мемлекеттері ұйымы саммиттерінің қорытындыларын жоғары бағалаймыз. Уағдаластықтарды сапалы жүзеге асыруға ерекше мән береміз. Жақында Мажарстанда өткен мемлекет басшыларының бейресми кездесуі нәтижелі болды. Қазақстан осы игі үрдісті жалғастыра беруге қашанда әзір. Бұл ретте, мен келесі басқосуды киелі Түркістанда өткізуді ұсындым, – деді Мемлекет басшысы.

Президент соңғы жылдары Қазақстанда жан-жақты жүзеге асырылып жатқан саяси және әлеуметтік-экономикалық реформаларға тоқталды.

– Біз жалпыхалықтық референдум арқылы Конституцияға маңызды түзетулер енгіздік. «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидатына негізделген жаңа жүйеге көштік. Президент жеті жылдық мерзімге бір рет қана сайланатын болды. Парламенттің құзыры кеңейді, Үкіметтің жауапкершілігі артты. Адам құқықтарын қорғау жүйесі жетіле түсті. Конституциялық Сот құрылды. Жергілікті билік түбегейлі жаңғыртыла бастады. Биылдан бастап еліміздегі барлық аудан әкімдерін халық тікелей сайлайтын болды. Облыстық және аудандық мәслихат депутаттарының 90 пайызы бір мандатты округтен, яғни тікелей дауыс беру арқылы сайлануда. Еліміздің қоғамдық-саяси өмірінде мұндай ауқымды өзгеріс бұрынсоңды болған емес, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Заң мен тәртіп қағидатына негізделген Әділетті Қазақстан құруды түпкі мақсатымыз деп атады.

– Бұл тұжырымның ажырамас бөлігі – Таза Қазақстан концепциясы, оны біз түбегейлі іске асыруымыз керек. Таза Қазақстан дегеніміз – тек тазалық қана емес, бұл – халқымыздың болмысын жаңғырту, өркениетті ұстанымдарға қарай бет бұру деген сөз. Мен халықпен, әсіресе, жастармен кездескен кезде оларға үнемі еліміздің келешегі – өскелең ұрпақтың қолында деп айтамын. Бұл – шындық, ақиқат. Сондықтан жастарымыз саналы, ақылды, көзі ашық, ұқыпты, зайырлы және адал болуы керек, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев ел экономикасының даму бағдарын айқындап, осы салада нақты реформа жүргізіліп жатқанын айтты.

– Соның арқасында 2024 жылы еліміздің жалпы ішкі өнімінің көлемі шамамен 290 миллиард долларға жетті. Бұл бір адамның басына шаққанда 14 мың доллар деген сөз. Бірақ, алдымызда тұрған түйткілдер аз емес. Оларды ойдағыдай шешу үшін бірқатар маңызды іс-шараларды қолдану керек. Атап айтқанда: ірі инфрақұрылым жобаларын жүзеге асыру, жаппай цифрландыру және жасанды интеллектіні дамыту, ауылшаруашылығына жан-жақты қолдау көрсету, көлік-логистика саласының әлеуетін арттыру бойынша қазір белсенді жұмыс жүргізіліп жатыр. Биыл экономикалық өсім 5 пайыздан астам болмақшы. Осы міндеттерді жүзеге асыру үшін түркі мемлекеттерімен тиімді ынтымақтастықты нығайту өте маңызды, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, Астанадағы алқалы жиын «TURKTIME: парламенттік дипломатияның рөлі» деген тақырыпта өтеді. Мемлекет басшысы мұны толықтай қолдайтынын айтты. Қазіргі сын-қатерге толы алмағайып заманда өзара ықпалдастықты нығайту аса маңызды.

– Қазақстан бауырлас елдер арасындағы парламентаралық байланысқа, әсіресе, халықтық дипломатияға ерекше мән береді. Түркі мемлекеттерінің Парламенттік ассамблеясы – аса беделді халықаралық ұйым, ынтымақтастығымызды дамытуға мүмкіндік беретін бірегей құрылым деп күмәнсіз айтуға болады. Сіздердің Ұйым аясындағы бірлескен жұмыстарыңыздың мән-маңызы өте зор, – деді Мемлекет басшысы.

Жиындағы қорытынды сөзінде Президент бұл кездесу түркі мемлекеттерінің мақсат-мүддесі бір екенін айқын көрсететінін айтып, татулықты сақтау мен нығайту баршаға ортақ міндет деп атады.

– Қазақстан түркі мемлекеттерінің парламенттік дипломатиясын барынша қолдайды. Біз бәріміз тату болсақ, осы құбылмалы заманды аман-есен еңсереміз, экономикаларымыздың дамуына үлкен серпін береміз, төрт құбыламыз түгел болмақ. Бауырымыз бүтін, бауырластығымыз мәңгі болсын! – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жиынға Түркі мемлекеттері Парламенттік ассамблеясына мүше елдер парламенттерінің спикерлері қатысты.

AKORDA.KZ.

ХАЛЫҚ ҮНІНЕ ҚҰЛАҚ АСАТЫН МЕМЛЕКЕТ

ӨТІНІШ ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ

Облыс әкімі Бейбіт Исабаев азаматтарды жеке мәселелері бойынша қоғамдық қабылдау өткізді. Қабылдауға жазылғандар тұрғын үй мен әлеуметтік көмек көрсету мәселелерін көтерді. Өтініш-тілегін арқалаған облыс тұрғындары нақты жауап алды.

Өткен жылы тұрғын үй кезегіне тұрған 98 жастағы тыл ардагері, зейнеткер Маймуна Садрееваның баспанамен қамтамасыз ету туралы өтінішін туысы Ақжанбы Егізова жеткізді. Кейуана қазір туысының қамқорлығында екен. Себебі, балаларының тұңғышы Америка Құрама Штаттарында тұрады. Зайыбы өмірден өткен. Зейнет жасына жеткен басқа балаларының әлеуметтік жағдайының төмендігіне байланысты аналарына қарауға мүмкіндігі жоқ.

– Заң – баршаға ортақ. Қазіргі таңда 2009-2010 жылы зейнеткер есебінде пәтер алуға тіркелген азаматтар кезегі бойынша баспаналы болып жатыр. Сондықтан барлығы заң аясынды шешіледі. Сіздер қарт кісіні таяуда ғана кезекке қойған екенсіздер. Біз Заңды белшесінен басып, сізге кезексіз үй бере алмаймыз. Кезегін күтеді, – деген аймақ басшысы жауапты сала мамандарына тыл ардагеріне әлеуметтік-медициналық көмекті уақытылы көрсетуді тапсырды.

Қабылдауға келген Алакөл ауданының тұрғыны, Үйгентас орман шаруашылығының директоры Ерікжан Бекпаев газ жарылысында қайтыс болған інісінің баласы, жетім қалған Ернұр Жүкенге және бауырларына пәтер беруді сұрады. Аймақ басшысы қайғылы жағдайға көңіл айтып, әлеуметтік, медициналық көмек жан-жақты көрсетілетінін жеткізді. Ата-анасынан қалған пәтердің ипотекалық несиесін жабу үшін жергілікті атқарушы орган демеушілерден қосымша қаржылай көмек сұрап, қолдау білдірудің жолын іздестіретін болды. Өңір басшысы денсаулық сақтау, білім беру, жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармаларының басшыларына қажетті әлеуметтік көмек көрсету мақсатында жағдайды тұрақты бақылауға алуды тапсырды.

Алакөл ауданының тұрғыны «Алакөл Желтоқсан Ардагерлері» республикалық аймақтық ұйымының төрайымы Ләззат Ермозанова тұрғын үй заңнамасында «Желтоқсан оқиғасына қатысушылар» деген жеке санат белгіленсе, әлеуметтік қолдау көрсетілсе және ауданда желтоқсаншыларды еске алу аллеясы ашылса деген ұсыныстарын жеткізді.

Бұған орай облыс әкімі тұрғын үй заңнамасына өзгерістер енгізу мәселесі жергілікті атқарушы органдардың құзыретіне кірмейтінін түсіндірді. Ал, әлеуметтік қолдау көрсетуге қатысты Желтоқсан оқиғасына қатысушыларға біржолғы материалдық көмек төлеуге, курорттық емдеуге облыстық бюджеттен жыл сайын қаражат бөлінетінін айтты. Алакөл ауданында еске алу аллеясын ашу мәселесі аудан әкіміне жүктелді.

Облыс аумағында Желтоқсан оқиғасына арналған төрт сәулет нысаны бар. Олар Ақсу ауданындағы Жансүгіров ауылы мен Панфилов ауданы, Жаркент қаласындағы ескерткіштер, Алакөл ауданы, Үшарал қаласындағы стелла және өткен жылы ашылған «Желтоқсан желі ызғарлы» монументі.

Е. БАУЫРЖАНҚЫЗЫ.
Жетісу облысы.

СПОРТ

АЗИЯНЫ БАҒЫНДЫРҒАН БОКСШЫЛАРҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Семейлік жас боксшылар халықаралық аренада еліміздің атын шығарып, туған өңірінің абыройын асқақтатуда. Жуырда Шри-Ланкада өткен жастар арасындағы Азия чемпионатында топ жарған спортшылар мен олардың бапкерлерін Абай облысының әкімі Берік Уәли салтанатты түрде қабылдап, құрмет көрсетті. Облыс басшысы чемпиондарға Алғысхаттар мен ақшалай сыйлықтар табыстап, олардың халықаралық жарыстардағы жоғары нәтижелерін ерекше атап өтті.

Биылғы Азия чемпионатында 54 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен Жанель Имантаева қарсыластарынан оқ бойы озып, Азия чемпионы атанды. Осы жетістігімен ол Қазақстан Республикасының спорт шебері нормативін орындады. Бұған дейін Жанель Якутскіде өткен Азия балалары ойындарының қола жүлдесін жеңіп алған және 2023 жылғы ел чемпионатында күміс медаль иеленген. 57 келі салмақтағы Ақнұр Тұрсынғали да жеңіс тұғырынан көрініп, Азия чемпионы атанды. Ақнұр өткен жылы Қазақстан чемпионатында қола, ал биыл күміс медаль жеңіп алған болатын.

Облыс әкімі өз сөзінде жаттықтырушылар Асан Сексенбаев пен Ғайса Ернардың сіңірген еңбегін ерекше атап өтті. Сондай-ақ спортшыларға қолдау көрсетіп келе жатқан кәсіпкер Махат Төрәліге алғысын білдіріп, өңірде спорт саласының дамуына айрықша көңіл бөлініп жатқанын жеткізді. Биылғы жылы облыс бойынша жаңа жүзу бассейндері мен спорт кешендерінің құрылысы басталмақ.

Семейлік боксшылардың табыстары мұнымен шектелмейді. Жақында Ерасыл Жақпеков Нидерландта өткен «Eindhoven Box Cup» халықаралық турнирінде алтын жүлдеге ие болды. Ол бұған дейін Тайландтағы Азия чемпионатында қола жүлдегер, ал биыл жастар арасында Азия чемпионы атанған болатын. Сонымен қатар, Ернар Карап пен Руслан Күзеубаев аталған халықаралық жарыста күміс жүлдені еншіледі.

Бүгінде Абай облысынан 424 спортшы ұлттық құрама сапында ел намысын қорғап жүр. Тек 2024 жылдың алғашқы жартыжылдығында өңір спортшылары 480-ге жуық медаль жеңіп алды, оның 114-і - алтын.

Г. ЖҰМАҒАЛИ.
Абай облысы.

ҮКІМЕТ

ҚАЗАҚСТАН МЕН ИСПАНИЯ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ӨНДІРІСТІК ЖОБАНЫ ҚОЛҒА АЛДЫ

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Олжас Бектенов «Roca Group» директорлар кеңесінің төрағасы Сантьяго де Гомар Рокамен кездесу өткізді. Онда Қызылорда облысында сантехникалық бұйымдар шығаратын зауыт салу жобасын жүзеге асыру мәселелері мен инвестициялық ынтымақтастықты одан әрі нығайту перспективалары талқыланды.

Жоба қуаты жылына 500 мың бұйымға дейін санитарлық-техникалық өнім шығаратын жоғары технологиялық зауыт салуды көздейді. Өндіріс Қызылорда облысындағы «Өндіріс» индустриялық аймағында орналасады, осы мақсаттар үшін жер телімі белгіленді. Кәсіпорын өнімдері ішкі нарыққа және Орталық Азия елдеріне экспортқа шығаруға бағытталған. Жалпы инвестиция көлемі €70 миллион деп бағаланып отыр. Жоба 300-ге жуық жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді.

«Roca Group» директорлар кеңесінің төрағасы Сантьяго де Гомар Рока компания Қазақстанды өңірдегі бизнесті дамытудың стратегиялық алаңы ретінде қарастыратынын атап өтті. Бүгінгі таңда «Roca Group» саладағы әлемдік көшбасшылардың бірі саналады. Компанияның 78 зауыты, 20 мыңнан астам қызметкері бар.

«Қазақстан – Орталық Азиядағы қатысуымызды кеңейту үшін қисынды таңдау. Біз елді бүкіл аймақ үшін тиімді жұмыс істей алатын өнеркәсіптік және логистикалық хаб ретінде қарастырамыз. Елде өндірісті дамытуға қолайлы жағдай жасалған және Қызылорда облысындағы жоба жергілікті экономиканың дамуына үлес қоса отырып, халықаралық стратегиямыздың маңызды бөлігіне айналатынына сенімдіміз», — деді Сантьяго де Гомар Рока.

Премьер-Министр өнеркәсіптік өндірісті локализациялау Үкіметтің экономиканы құрылымдық нығайту жөніндегі басым міндеті екенін атап өтті. Осыған байланысты Қазақстан жақсы инвестициялық ахуал қалыптастыру бойынша белсенді жұмыстар жүргізуде.

«Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етудегі басым бағыты аясында отандық өндірісті қолдауға және сыртқы жеткізілімдерге тәуелділікті азайтуға бағытталған импортты алмастыру саясаты белсенді дамып келеді. Қазақстан мен Испания – стратегиялық серіктестер. Сондықтан біз компанияны сенімді серіктес ретінде көреміз және терең индустриялық даму үшін жоғары технологиялық өндіріс тартуды құптаймыз. Үкімет жобаның сәтті жүзеге асуы үшін қажетті көмек көрсетеді», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Кездесу соңында ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі, Қызылорда облысының әкімдігі және «Roca Group» арасындағы инвестициялық жобаны жүзеге асыру қағидаттары туралы негіздемелік келісімге қол қойды.

ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ФОРУМ

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ – ТҰРАҚТЫ МЕМЛЕКЕТТІҢ ІРГЕТАСЫ

Тараз қаласындағы «Көне Тараз» тарихи-этномәдени кешенінде «Мықты қоғам – Қуатты Қазақстан» атты XII өңірлік азаматтық форум өтті. Қоғамдық пікір көшбасшыларын, сарапшыларды, мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерін тоғыстырған бұл форум екі күн бойы азаматтық сектордың даму перспективаларын жан-жақты талқылауға арналды.

Іс-шараға ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің, Қазақстанның Азаматтық Альянсының басшылығы, өңірлік және республикалық деңгейдегі қоғам қайраткерлері мен депутаттар қатысты. Форумды ұйымдастыруға Жамбыл облысы әкімдігі мен өңірлік Азаматтық Альянс та белсенді атсалысты.

Форум жұмысы үш бағыттағы секциялық кездесулермен басталды. Бірінші секцияда цифрлық белсенділік пен жасанды интеллект технологияларын азаматтық секторда қолдану мәселесі көтерілді. «Жамбыл облысы Жастар мәслихаты» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Азамат Намелбек «Komek AI» жобасы аясында «Big Data» негізінде жасалған шешімдер үкіметтік емес ұйымдардың тиімділігін қалай арттырып жатқанын нақты мысалдармен баяндап берді.

Ал, екінші секцияда инклюзивтілік пен тең құқық мәселелері талқыланды. Әлеуметтік осал топтардың қоғам өміріне белсенді араласуы, оларға нақты жағдай жасау – бүгінгі күннің өзекті тақырыптарының бірі. Бұл бағытта сөз алған спикерлер қатарында еліміздің әр өңірінен келген тәжірибелі ұйым жетекшілері болды. Қатысушылар нақты ұсыныстар мен бастамаларды ортаға салып, бір-бірімен тәжірибе алмасты.

Үшінші секция үкіметтік емес ұйымдарды еңбек нарығындағы жаңа талаптарға бейімдеу мәселесіне арналды. Бұл кездесуде жастардың азаматтық секторға тартылуы мен еріктілік мәдениетін дамыту жолдары қарастырылды.

Форумның екінші күні азаматтық қоғамды дамытудың 2-кезеңіне арналған кеңейтілген конференциямен жалғасты. Конференция жұмысын Жамбыл облысы Азаматтық Альянсының төрағасы Исламбек Дастанұлы жүргізіп, алқалы жиынды облыс әкімінің орынбасары Серік Сәлемов ашты. Серік Жақсылықұлы өз сөзінде азаматтық қоғамның қоғамдағы орны мен мемлекетпен әріптестігін айрықша атап өтіп, нақты сандарға тоқталды. Бүгінгі таңда Жамбыл облысында 1494 үкіметтік емес ұйым тіркелген болса, соның 1100-ден астамы белсенді жұмыс істеп келеді. Аймақта 75 этно-мәдени бірлестік, 41 діни ұйым және 7 саяси партия филиалы тіркелген. Бұл ұйымдар өңірдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени-саяси өміріне айтарлықтай үлес қосуда.

Сонымен қатар, биыл облыстағы 12 қоғамдық кеңестің құрамы толығымен жаңартылып, жастардың үлесі 12,4 пайызға жеткен. Бұл – азаматтардың жергілікті өзін-өзі басқару ісіне деген қызығушылығының артқанының көрінісі.

Аймақтық азаматтық қоғамды қолдауға бір миллиард теңгеден астам қаражат бөлініп отыр. Оның 76,4 пайызға жуығы, яғни 948222500 теңгесі әлеуметтік осал топтарды қолдау бағытындағы жобаларға жұмсалса, қалған 23,6 пайызы – 292906400 теңге көлеміндегі қаржы білім, денсаулық, жастар саясаты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, діни сауаттылық сынды салаларды қамтитын жобаларға бағытталады. Ағымдағы жылы жалпы саны 140-тан астам әлеуметтік жобаны іске асыру жоспарланған.

Іс-шара барысында ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Азаматтық қоғам істері комитетінің төрағасы Гүлбара Сұлтанова, Қазақстан Азаматтық Альянсының президенті Бану Нұрғазиева және ҚБТУ профессоры, PhD Қайыржан Әбдіхалықов сөз сөйлеп, форум жұмысының өзектілігін атап өтті.

Форум соңында азаматтық қоғамға сіңірген еңбегі үшін бірқатар белсенділерге облыс әкімінің және Қазақстан Азаматтық Альянсының Құрмет грамоталары және Алғысхаттары табысталды.

Сондай-ақ «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ тарапынан Байзақ ауданының Үлгілі ауылында әлеуметтік жобаны жүзеге асыру үшін 4500 мың теңге көлемінде мемлекеттік емес грант бөлінетіні жария етілді. Аталған жоба шеңберінде қоғамдық пікірталас өткізіліп, тұрғындар ауылдағы нақты бір әлеуметтік мәселені шешуге бағытталған бастама таңдайды. Бұл, мысалы, балалар ойын алаңы немесе демалыс орнын абаттандыру болуы мүмкін. Жоба нәтижесінде жүзеге асырылған нысан кейіннен жергілікті әкімдіктің балансына беріледі.

Жалпы бұл форум – еліміздің азаматтық қоғамын дамыту жолындағы нақты қадам, тәжірибе алмасу алаңы ғана емес, мемлекет пен қоғам арасындағы диалогты тереңдетудің жарқын үлгісі болды.

Н. ҒАЛЫМ.
Жамбыл облысы.

ҚОЛЖЕТІМДІ ИНТЕРНЕТ

ЕНДІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР «STARLINK» ТЕРМИНАЛДАРЫН РЕСМИ ТҮРДЕ ПАЙДАЛАНА АЛАДЫ

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі мен «Starlink» компаниясы («SpaceX»-тің еншілес құрылымы) спутниктік интернет қызметін Қазақстан аумағында ресми іске қосу туралы келісімге қол қойды. Құжат компанияның еліміздің ақпараттық қауіпсіздік және байланыс саласындағы заңнамасын толық сақтай отырып жұмыс істеуін көздейді, деп хабарлайды ведомстволық баспасөз қызметі.

Құжат Қазақстан халқы үшін «Starlink» спутниктік терминалдарын ресми түрде сатуды іске қосуды көздейді– сатылымдар 2025 жылдың үшінші тоқсанында басталады деп жоспарланып отыр. Жобаны іске асыру – елдің шалғай өңірлерін жоғары жылдамдықтағы спутниктік интернетпен қамтамасыз етуде маңызды қадам болмақ. Бұл цифрлық байланыс мүмкіндіктерін кеңейтіп, телекоммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға тың серпін береді.

Жоғары жылдамдықты интернетке «Starlink» арқылы қосылу ауылдық мектептер, медициналық мекемелер, мобильді топтар мен инфрақұрылым нысандарына сапалы байланысқа қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл әсіресе талшықты-оптикалық желілерді экономикалық немесе техникалық тұрғыдан тартуға қиындық тудыратын өңірлерде өзекті болып отыр.

«Қазақстан — аумағы кең, халқы әр өңірге шашыраңқы орналасқан ел. Барлық тұрғындарды сапалы интернетпен қамту үшін талшықты-оптикалық байланыс желілерінен ұялы байланыс мұнараларына дейінгі түрлі тәсілдерді қолданамыз. Алайда, жайылымдар, таулы ауылдар мен шалғайдағы кәсіпорындар сияқты қолжетімділігі күрделі аймақтар да бар. Ондағы тұрғындар да сапалы интернетке қол жеткізуге тиіс. Қазіргі таңда әлемде бұған мүмкіндік беретін технологиялар бар. Бүгінге дейін «Starlink» елімізде тек мектептерге интернет ұсынып, пилоттық режимде жұмыс істеп келді. Ал, халық үшін ол ресми түрде қолжетімсіз еді. Енді біз келісімге келдік, компания ақпараттық қауіпсіздік пен байланыс саласындағы ұлттық заңнама талаптарына сай жұмыс істейтін болады. Биыл қажетті жұмыстар жүргізіліп, тұрғындар ресми әрі заңды түрде спутниктік интернетке қосыла алады», — деді министр Жаслан Мадиев.

«Starlink» жабдықтарын заңдастыру мен ресми қолдану мәртебесінің ерекше маңызы бар: енді азаматтар терминалдарды заңды түрде сатып алып, пайдаланып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркей алады.

«Starlink» спутниктік интернетіне қосылу арнайы пайдаланушы құрылғылары арқылы іске асады. Қазіргі уақытта жеке пайдаланушыларға қызмет көрсету тәртібін қоса алғанда, техникалық және ұйымдастырушылық мәселелерді келісу жұмыстары жүргізілуде.

Жобаны іске асырудың барлық кезеңдері ұлттық заңнама талаптарын, соның ішінде қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып жүргізіледі.

Бұл бастама ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қала мен ауыл арасындағы цифрлық теңсіздікті азайту жөніндегі тапсырмасын орындау аясында және «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасының мақсаттарына сәйкес қолға алынуда.

«ST» АҚПАРАТ.

КЕЗДЕСУ

ЕРЛІККЕ ТАҒЗЫМ - ҰРПАҚҚА АМАНАТ

Жетісай ауданындағы А.Байтұрсынов атындағы №5 жалпы білім беретін мектепте тағылымы мол кездесу өтті. Ізгі іс-шараның ұйымдастырылуына «Айрықша тәуекелді ардагерлері мен мүгедектері» қоғамдық бірлестігінің саяси бөлім бастығы Сейтхан Қуантаев мұрындық болды.

Кездесу барысында қоғамдық бірлестіктің атқарып жүрген игі істері, қайырымдылық шаралары мен ардагерлерге көрсетіліп жатқан қамқорлықтар жайлы кеңінен сөз қозғалды. Сейтхан Мұратұлы бұл жұмыстардың барлығы – жас ұрпаққа елін, жерін сүйетін, патриоттық рухтағы азамат ретінде тәрбиелеуге бағытталғанын атап өтті. Сондай-ақ жиынға қатысқан мектеп ұжымы тарапынан бірқатар өзекті сұрақтар қойылып, еркін пікір алмасу болды.

Жиын аясында «Ерлік елге мұра, ұрпаққа ұран», «Ұлы Жеңіске – 80 жыл!» атты тақырыптық бағыттар негізінде бірқатар марапаттау рәсімдері өтті. Қоғамдық бірлестіктің атынан мектеп директоры, ұлағатты ұстаз Гүлнара Донбаеваға елдік мүддені дәріптегені және жас ұрпаққа патриоттық тәрбие берудегі еңбегі үшін Алғысхат және «Қазақстан патриоты» медалі табысталды. Сондай-ақ мектептің алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі, білікті ұстаз Мақсұт Молдабеков те қоғамдық бірлестіктің Алғысхатымен марапатталып, ерекше құрметке ие болды.

Мектеп ұжымы бұл кездесудің жас ұрпақ тәрбиесіне үлкен серпін бергенін атап өтті. Жиын соңында Сейтхан Мұратұлы мектеп ұжымына шығармашылық табыс тілеп, алғысын білдірді.

Осы бір өнегелі кездесудің басты мақсаты – ерлік пен батырлықты дәріптеу, өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беру. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын таппақ.

Г. ЖҰМАҒАЛИ.
Түркістан облысы.

ПРОКУРАТУРА

БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫ ҚОРҒАЛДЫ

Жуалы ауданында кәмелетке толмаған балалардың құқықтарын қорғау бағытында жүргізілген прокурорлық талдау нәтижесінде бірқатар заңбұзушылықтар анықталды. Атап айтқанда, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі аясында мектеп жасындағы балаларға профилактикалық медициналық тексеру жүргізілмеген.

Жуалы ауданының прокуратурасы биылғы оқу жылы ішінде ауданға қарасты 7 білім беру мекемесінде 930 оқушының арнайы медициналық тексеруден өтпегенін анықтады. Бұл балалардың мемлекет тарапынан кепілдік берілген алғашқы медициналық-санитарлық көмекті алу құқығы өрескел бұзылғанын білдіреді.

Аталған жағдай бойынша прокуратура тиісті органдарға қадағалау актісін енгізіп, нәтижесінде медициналық тексеру жұмыстары дереу қолға алынды. Қазіргі таңда балалар кезең-кезеңімен тексеруден өте бастады. Сонымен қатар, немқұрайлылық танытқан жауапты тұлғалар тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Бұл жағдай баланың денсаулығы мемлекет үшін басымдық екендігін тағы бір мәрте көрсетті. Прокуратура органдарының айтуынша, балалардың денсаулығы мен құқықтарының қорғалуына қатысты мұндай жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады. Әсіресе, білім беру ұйымдарындағы медициналық қызмет сапасы мен оның жүйелі орындалуына бақылау күшейтілмек.

Заң аясында әрбір бала толыққанды профилактикалық тексеруден өтіп, денсаулығына байланысты қажетті көмекті дер кезінде алуға тиіс. Бұл – тек мемлекеттік міндет қана емес, әрбір ата-ананың, қоғамның ортақ жауапкершілігі.

Г. НАУРЫЗБАЕВА.
Жамбыл облысы.

ҰЛТТЫҚ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ САНАҒЫ

АУЫЛ ӘЛЕУЕТІНІҢ ТАРАЗЫСЫ

Биыл 1 тамыз бен 20 қазан аралығында елімізде Ұлттық ауыл шаруашылығы санағы өткізіледі. Бұл жөнінде толығырақ мағлұмат алып, ақпарат беру үшін Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Атырау облысы бойынша департаментінің басшысы Нұржан Құмарғалиевті сөзге тартқан едік.

– Нұржан Жолдыбайұлы, әңгімемізді бұл жұмыстың маңыздылығы мен қажеттілігінен бастасақ?

– Ауылшаруашылығы санағы – еліміздің аграрлық секторының құрылымы, ресурстары мен жай-күйі туралы өзекті әрі сенімді деректерді алуға мүмкіндік беретін ауқымды статистикалық байқау. Санақ деректері тиімді мемлекеттік саясат құру, ауылшаруашылығы өндірушілерін қолдау, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және халықаралық міндеттемелерді орындау үшін қажет.

Санақты жүргізу және оның мерзімдері туралы шешімді Үкімет Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша қабылдады. Оны өткізу мерзімі ауылшаруашылығы жұмыстарының маусымдылығын және ауылшаруашылығы жылының қорытындылары бойынша өзекті деректерді алу қажеттілігін ескере отырып таңдалды.

– Ауылшаруашылығы санағына кімдер қатысады?

– Біріншіден, бұлар – мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы және балық шаруашылығы салаларында ауылшаруашылығымен шұғылданатын шаруа немесе фермер қожалықтарын қоса алғандағы заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер. Екіншіден, жеке қосалқы шаруашылық жүргізу үшін жер учаскелері бар немесе мал ұстайтын үй шаруашылықтары. Нақтылап айтқанда – бақшасы бар, өздері үшін төрт түліктің бағымымен айналысатын, құс өсіретін жеке қожалық иелері.

Санаққа дайындық шаралары негізгі санақ кезеңдері басталғанға дейін, 2025 жылғы 1–30 маусым аралығында Жылыой ауданының Құлсары қаласында жеке қосалқы шаруашылықтарды алдын ала аралау жұмыстары жүргізілуде. Листинг деп аталатын бұл кезеңде санақ қызметкерлері сауалнамадан өтуге жататын үй шаруашылықтарының тізімдерін нақтылайды. Бұл жұмыс таңдалған мекенжай бойынша тұрғындардың шынымен сонда тұратынын және жеке қосалқы шаруашылық жүргізетінін растау үшін жүргізіледі.

– Негізгі кезеңге қатысты нақтылай кетсеңіз?

– Иә, осыған дейін белгілі болғанындай, санақтың негізгі кезеңі 1 тамыз бен 20 қазан аралығын қамтиды. Ол онлайн және офлайн кезеңдерге бөлінеді. Алдымен 1–31 тамыз аралығында «sanaq.gov.kz» сайтында онлайн-сауалнама жүргізіледі. Бүгінде сайт санақ жұмысымен танысу үшін жұмыс істеп тұр. Заңды тұлғалар, фермерлер, үй шаруашылықтары – барлығы порталдағы санақ парақтарын қашықтан өз бетінше толтыра алады. Бұл әдіс өте ыңғайлы, сонымен қатар, деректерді жинаудың тиімділігі мен сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Сайтқа кірген сәтте респонденттер жүйеге тіркеліп, «ЭЦҚ», «QR»-код немесе «СМС» арқылы авторизациядан өтуі қажет. Сауалнама парағын ашқан кезде кейбір жолдарда мемлекеттік органдардың деректер базасында бар көрсеткіштер көрініп тұрады. Респондент көрсетілген көрсеткіштерді сол күйі қалдыра немесе оларды өзектендіре алады. Нақтыласақ, респондент толтырылған деректерін сақтап қойып, үзілістен кейін сол сауалнаманы толтыруын жалғастыра алады. Сауалнама аяқталған соң респондент электрондық пошта арқылы санақтан өткені туралы хабарламаны алу мүмкіндігіне ие болады.

Ескерер жайт, санақтан онлайн түрде өтуді ыңғайлы қылу үшін жергілікті ауылдық округ әкімдіктері мен статистика департаментінің ғимараттарында өзіне-өзі қызмет көрсету аймақтары ұйымдастырылады. Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, жеке кәсіпкерлер мен шаруа-фермер қожалықтарының теңгерімндегі нысандар сауалнамадан сайтта өз бетінше өтуі тиіс. Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші бойынша қызметі мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы немесе балық шаруашылығымен байланысы барлар санаққа қатысуға міндетті.

Егер респонденттің сауалнама парағын толтыру кезінде қандай да бір сұрақтары туындаса, арнайы дайындалған жасанды интеллект арқылы жауап беретін «sanaq-Myrza» виртуалды көмекшісіне жүгіне алады. Сондай-ақ 1446 нөмірі бойынша бюроның байланыс орталығына хабарласуға болады. Қоңыраулар сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін, ал онлайн-сауалнама басталған кезеңде – тәулік бойы, аптасына жеті күн қабылданады.

– Енді санақтың екінші кезеңіне қатысты ақпараттармен бөліссеңіз?

– Екінші кезең – интервьюерлердің үй шаруашылықтарын жеке-жеке аралауымен сипатталады. Ол 2025 жылдың 20 қыркүйегі мен 20 қазаны аралығында өтеді. Неліктен араға 20 күн қалдырылып отыр? Мұның себебі – сауалнаманы өз бетінше аяқтағандарды ескере отырып, үй шаруашылықтарының тізімдерін қалыптастыру үшін қосымша уақыт қажет. Осылайша, санақ респонденттердің барлық санаттарын қамтиды және ақпарат жинаудың барынша толықтығы мен сенімділігін қамтамасыз етеді.

Санақ барысында облыста барлығы 58 мыңға жуық үй шаруашылығын және 4 мыңнан астам ауылшаруашылығы тауар өндірушілерін қамту жоспарланған. Біз азаматтарды санаққа саналы түрде қатысуға шақырамыз, өйткені бұл жай статистикалық шара емес, барлық азаматтарды қамтитын мемлекеттік маңызы бар іс.

– Сауалнамада қандай деректерге баса назар аударылады?

– Заңды тұлғалар үшін сұрақтар – жер және егіс алқаптары, мал басы, ауылшаруашылығы техникасы және инфрақұрылымға байланысты болады. Сондай-ақ респонденттерден олардың қызметінің сипаттамалары, еңбек ресурстары және ауылшаруашылығы қызметінің басқа да аспектілері туралы сұралады. Үй шаруашылықтарында біз жер аумағы туралы сұраймыз, олар маусымдық немесе көпжылдық дақылдар еге ме, мал немесе құс ұстай ма, оларды жайылымға шығара ма деген сияқты анағұрлым қысқартылған нұсқадағы сұрақтар қамтылады.

Ұлттық статистика бюросы алынған деректердің анонимділігіне және оларды қатаң статистикалық мақсаттарда пайдалануға кепілдік беретінін атап өткім келеді. Сандар респонденттің бастапқы деректерін көрсетпей-ақ, жиынтық түрде өңделеді және жарияланады. Деректер салық немесе басқа мемлекеттік органдарға берілмейді. Сауалнама парағын толтыру кезінде респондент (ұйымдасқан шаруашылық) мемлекеттік ақпараттар базасында деректерді жаңарту үшін алынған деректерді ұсынуға келісім бере алады. Мысалы, малдың, техниканың, жер учаскесінің болуы және тағы басқа туралы.

Санақ жүргізу үшін біз жұмыссыз азаматтар қатарынан, сондай-ақ барлық ниет білдіргендер санатынан 120-дан астам адамды интервьюер ретінде жұмысқа тартуды жоспарладық. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, қазіргі уақытта бізде қызметкерлерді қабылдау науқаны жүріп жатқанын жеткізгім келеді. Интервьюер мен нұсқаушы ретінде санаққа қатысқысы келетіндердің барлығы біздің 1446 байланыс орталығына өтініш қалдыра алады, сондай-ақ департаментке тікелей келіп, жүгінуіне болады.

Барлық кезең аяқталғаннан кейін 2025 жылғы желтоқсанда санақтың алдын ала нәтижелері жарияланады. Соңғы жиынтық деректер мен аналитикалық есептер Ұлттық статистика бюросының сайтында 2026 жылы көпшіліктің назарына ұсынылады.

Ұлттық ауылшаруашылығы санағы – Қазақстанның аграрлық секторын және азық-түлік қауіпсіздігін тұрақты дамытуға арналған стратегиялық маңызды іс-шара. Алынған деректер тиімді мемлекеттік саясат пен барлық деңгейдегі ауылшаруашылығы тауар өндірушілерін қолдауға негіз қалайды.

Санақ ұйымшылдық жағдайында және жоғары деңгейде өтеді деген сенімдемін.

– Әңгімеңізге рақмет. Іске сәт дейміз!

Сұқбаттасқан
Д. АРУЕВ.
Атырау облысы.

АУЫЛ АМАНАТЫ

ЕҢБЕК БЕРЕКЕГЕ КЕНЕЛТУДЕ

Жаңақорған ауданында 6,5 мың кәсіпкер бар. Бұл қағаз жүзіндегі көрсеткіш емес, іс бастағандардың 96 пайызы тұрақты жұмыс істейді. Аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Марлен Нұртазаевтың дерегінше, былтыр «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында 165 миллион теңгеге 29 жоба басталған.

Одан бөлек, өңірдегі темір-бетон, асфальт өндірісі секілді ірі жобалар биыл іске қосылады. Бір гектар аумаққа жылыжай салатын инвестор дайын. Алдағы 2-3 жылда 10 жоба іске аспақ.

«Бұрын кәсіпкерлікте қызмет көрсетумен айналысатындар көп болатын. Қазіргі жобалар арасында өндірістік бағыт басым. Іспен айналысам дегендер арасында жастар көп», дейді бөлім басшысы.

Мемлекет қолдауымен шаруасы алға басқан тұрғынның бірі – Наурыз Айымбетов. Бастапқыда 2 сотық жерге жылыжай салған ол бүгінде ауқымын ұлғайтып, табысын еселей түскен.

«Отбасылық бизнесті әкем бастады. Бастапқыда жылыжайы шағын еді. Табысты боларына көз жеткізгесін көлемді көбейтуді ойладық. Осылайша, «Ауыл аманаты» жобасы аясында несие алып, 8 сотық жерге қызанақ, қияр егіп отырмыз. Жылына қызанақтан – 10, қиярдан 5-6 тонна аламыз. Таза пайдамыз 5-6 миллион теңгенің айналасында», дейді кәсіпкер.

Өткен қыста тәжірибе ретінде салат жапырағын егіп көрген. Бабын тапсаң, біте қалатын көкөніс екен. Қыстың суығына да төзімді болып шықты. Шыққан өнім аудандағы азық-түлік дүкендері мен мейрамханалардан артылмады. Былтыр аудан әкімімен кездесуде тағы 1 гектар жер сұраған. Сол шаруа сөзбұйдаға салынбай жылдам шешіліпті. Енді Наурыз Алматыдағы інісін шақырып, келер жылы сол жерден жылыжай салмақ.

«2000 жылдары Өзбекстаннан көшіп келгенде осы жер қу тақыр еді. Балаларымды жаныма ертіп жүріп алма, өрік, жүзім ектік. Бейнеттің арқасында қазір аула қалың бауға айналды. Осындағы таныстардан алған анар көшетін былтыр тігіп, қыс бойы жан-жағын қымтап, баптап шықтым. Қазір алғашқы жемісін сала бастады. Қуанатыным, балаларымның бейнетке шыдағанның берекеге кенелетініне көзі жетті. Осының арқасында мемлекеттің қолдауына сүйеніп, кәсібін кеңейтіп отыр», – дейді Наурыздың әкесі Жұмабай Айымбетов.

Жергілікті кәсіпкерлер арасында макарон өнімдерін шығарып жатқандар да бар. Ісін наубайхана ашудан бастаған Еркінбай Шідербаев азық-түлік дүкенін қатар алып жүрді. Жаңа іс бастау үшін жоба құрып, жоспарын жетілдірген соң былтыр мемлекеттік бағдарламаға қатысып, «Қызылорда» Өңірлік инвестициялық орталығы арқылы 19,5 миллион теңгені 4 пайызбен алды. Несиеге қажетті құрал-жабдығын түгендеді. Істі бастамас бұрын Алматы қаласынан арнайы технолог маман шақыртып, өнім құрамын, жасалу жолын үйреніп, тәжірибе жинақтады.

«Италиялық автоматтандырылған технология арқылы жыл басынан бері 5 тоннаға жуық өнім шығарыппыз. Соның бәрі осы ауданға сатылды. Сырттан келетін тауарлардан ерекшелігіміз – ешқандай бояу қоспаймыз. Сапасына кепілдік береміз. Ел сауда сөресінен алдымен біздің өнімді іздейді», дейді.

М. ЖЕТПІСБАЕВ.
Қызылорда облысы.

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ ЖЫЛЫ

ТЕМІР ҰСТАСЫ

«Жұмысшы мамандықтарының жылы» – еңбек адамына, қарапайым, бірақ, қоғам үшін аса маңызды кәсіп иелеріне көрсетілген зор құрметтің айғағы. Иә, еңбек адамдарын дер кезінде бағалау – міндет. Еңбекпен тапқан нанның қашанда тәттілігі жойылмайтынын жадыларда жаңғырту қажет-ақ. Биылғы жыл – осындай ұлы ұстанымды дәріптейтін жыл. Темірдің тілін түсінген ұста да осындай құрметке лайық. Қарағандылық Аслан Серікұлы Қарағайлы кен-байыту фабрикасында жұмыс істейді. Ол – он алты жылдан бері темір ұстасы.

Өз ісінің шебері ретінде ол көптеген күрделі жөндеу жұмыстарын сапалы орындап, әріптестері мен басшылықтың құрметіне ие. Тәжірибесі мен кәсіби шеберлігінің арқасында Аслан Серікұлы темір жөндеу әрі жонуда hac шеберге айналған. Жұмысына зор жауапкершілікпен қарайтын ол әр тапсырманы тиянақтылықпен орындап, сапаға мән береді. Кәсіби еңбегімен қатар, шыдамдылығы, табандылығы және ұқыптылығы әріптестері, басшылық тарапынан жоғары бағаланып келеді.

Аслан Серікұлы үшін слесарьлық – жай ғана кәсіп емес, халыққа көрсетілетін адал қызмет. Ол өз жұмысын қоғамға пайда әкелу деп біледі. «Менің жұмысым – халыққа қызмет ету», дейді.

Асланның өмірінде жұмысының орны ерекше. Себебі, өмірлік серігін де осы жерден тапқан. Болашақ жары екеуі алғаш рет жұмыс орнында танысқан. Асланның айтуынша, темір ұстасы болу – жауапкершілігі жоғары әрі қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтауды қажет етеді. Жұмыс барысында түрлі құрал-жабдықтар мен ауыр техникалар қауіп төндіруі мүмкін. Сондықтан, бұл салада қауіпсіздік ережелерін сақтау – бірінші орында. Аслан Серікұлы үшін жұмыстағы ең маңыздысы – істі дұрыс әрі сапалы жасау. Ол әр құралдың, әр бөлшектің дұрыс жұмыс істеуін қадағалап отырады. Себебі, кішкентай ғана ақау орны толмас орасан қиындыққа себеп болуы мүмкін екенін жақсы біледі. Сол үшін жұмысына әрдайым ұқыпты қарап, бар жауапкершілігімен орындайды.

– Жұмыс маған тек тәжірибе мен шеберлік емес, өмірлік бақ берді. Осы жерде өмірлік серігімді жолықтырып, бақытты отбасы құрдым. Сондықтан, мен үшін бұл тек еңбек орны емес, тағдырым тоғысқан қасиетті мекен, – дейді Аслан.

А. ШОҚПАРОВА.
Қарағанды зерттеу университетінің II курс студенті.

КӘСІБІ НӘСІБІ

ҚҰРТТЫ БРЕНДКЕ АЙНАЛДЫРҒАН ӘЖЕ

Жамбыл ауданындағы Бесағаш ауылының тұрғыны Шарипа Қамбарова – кәсіптің көзін тапқан ақ жаулықты ана. Алғашында сүт өнімдерін қалаға әкеліп сатып, тәп-тәуір табыс тауып жүреді. Кейінірек құрт сатуды қолға алады. Шарипа әже былтыр «Бір ауыл – бір өнім» жобасы бойынша мемлекеттік грантты жеңіп алды.

– Қазір еңбек етемін деген жанға жұмыс та көп, мүмкіндік те мол. Бұрын өзім саудасаттықпен айналыстым. Таңалакеуімнен базарға бару, ауыр-ауыр қораптарды көтеру маған қиынға соқты. Бір күні үйдегі төрт түлікті «Неліктен кәдеге жаратпасқа?» деген оймен бір істі қолға алудың жолын іздедім. Ауыл берекенің ордасы ғой. Дастарқаның аққа, қамбаң көкөніс пен астыққа толы. Соны бір игілікке жаратайын деп айран, сүт сатып, ірімшік, құрт, май жасай бастадым. Әсіресе, құртқа сұраныс жоғары болды. Сондықтан ойлана келе тәуекел етіп, құрт жасап сату кәсібін бастап кеттім. Отбасымызбен қысы-жазы еңбек етіп, тұтынушыларымыз да көбейді. Өткен жылы «Бір ауыл – бір өнім» жобасы туралы естіп, қатысуға бел байладым. Осылайша Астана қаласында өткен көрмеге өз өнімдерімді апардым. Көрмеде қазақтың ұлттық тағамдары ерекше көзге түсіп, осы саланы дамытуға маған 3 миллион 700 мың теңге мемлекеттік грант берілді, – дейді Шарипа әже.

Мүйізді қара көбейген сайын жұмыс та қиындай түседі. Сондықтан ауыл сыртынан жер алып, шағын ферма ашады. Сөйтіп, «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, жақындарымен бірге күйбең тіршілікке кірісіп кетеді. Қазіргі таңда үйдегі ер адамдар малдың күтіміне жауапты болса, әженің келіндері мен немерелері құрт жасауға көмектеседі.

Кәсіпкердің айтуынша, жұмыс барысындағы көптеген қиындықтар мемлекеттің қолдауының арқасында жеңілдеп қалған. Оған себеп – қайтарымсыз қаржыға сиыр сауатын аппараттар мен құрт кептіретін құрылғы және көлемі үлкен тоңазытқыштар сатып алуы. Бұл еңбек процесі барысында күніне 15-17 келі құрт жасалады. Күз және қыс мезгілінде құртқа сұраныс екі есе өседі екен. Бүгінде Бесағашта жасалған құрт өнімдері Біріккен Араб Әмірлігі, Қытай және Түркия еліне экспортталып жатыр.

Негізінен құртты қала тұрғындары іздеп жүріп сатып алады. Ал, шет мемлекетте жүрген қазақстандықтар жол түскенде өздерімен бірге алып кетеді екен.

Заманауи құрттар бүгінде жеміс-жидектердің қоспасымен де дайындалады, яғни құрттарға ауладағы құлпынай, өрік, таңқурай сынды таза өнімдерді қосу арқылы дәмділігі мен сыртқы келбеті де ерекшелене түскен. Мұндағы мақсат – қазақстандық құрт брендін қалыптастыру. Құртты арнайы жаңа үлгіде шығару үшін «Шарипа апа» жазуымен өз қаптамасын әзірлетіп жатыр.

– Енді менің өнімдерім өзіндік брендімен ерекшеленіп тұрады. Арманым – қазақтың ұлттық тағамдарын шетелге таныту. Ұлттық тағамдарымызды бренд жасағым келеді. Мәселен, құртты қанша сақтасаң да бұзылмайды. Сондай-ақ табиғи өнімнің пайдасы мол. Біз өзіміздің тағамдарды брендке айналдыруымыз керек. Ол арманымды жүзеге асыруға, біріншіден, еңбек, екіншіден, мемлекеттің үлкен қолдауы сеп болуда. Тапсырыс көбейген сайын құртты күн суықта кептіру мүмкін емес. Жаз айларында білінбейді. Ал, күн суыса қиындап кетеді. Енді арнайы құрт кептіретін құрылғы алдым. Электр энергиясы арқылы жұмыс істейді. Бір сағаттың ішінде өнімді кептіріп береді. Қазір өнім небәрі бір аптаның ішінде толық дайын болады. Әрине, үлкен көлемдегі тапсырысты орындау оңай шаруа емес. Бірақ, менің көмекшілерім бар. Келіндерім, немерелерім үнемі қолғабыс етеді. Қазір менің жасым 61-де. Отбасым, отағасынан қолдау болмағанда жалғыз өзім мұндай жұмысты алып жүре алмас едім. Өз басым баланы кішкентай кезінен еңбекке баулыған өте дұрыс деп санаймын. Сонда ол еңбектің қадірін біледі. Ертең есейгенде өз бетімен шешім қабылдап, істің қиюын келістіре алады, – дейді кәсіпкер әже.

Тынымсыз еңбек пен табанды тіршіліктің арқасында құрттан табыс тауып отырған Шарипа әжейдің ісі көпке үлгі. Ақ жаулықты әже бизнес бастау үшін ешқашан кеш емес екенін түсінген.

Бүгінде аудандық іскер әйелдер қауымдастығының белсенді мүшесі өз кезегінде кәсібін ауылдың қыз-келіншектеріне үйретіп те жүр. Құрт жасаудан алдына жан салмайтын әжей мастер-класс өткізеді.

«Ақ мол болсын» деген сөздің төркінін жадына мықтап түйген ақ жаулықты ананың құртының дәмі расында да ерекше. Өйткені, Шарипа әже қазақтың дәстүрін дәріптеуді мәртебе деп біледі.

Қ. СЕЙСЕНБЕКҚЫЗЫ.
Жамбыл облысы.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – ҰЛТТЫҢ АЙБЫНЫ

Тараз төрінде, 5513 әскери бөлімінде Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері қатарында қызмет етіп жүрген өзге ұлт өкілдері арасында «Мемлекеттік тіл – менің тілім!» атты байқаудың екінші кезеңі өтті. Жамбыл облысы әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының қолдауымен ұйымдастырылған бұл байқау – еліміздегі тіл саясатының жүйелі жүзеге асып жатқанын айғақтайтын жарқын көрініс.

Іс-шараға «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығына қарасты бірқатар әскери бөлімдердің сарбаздары мен сержанттары қатысты. Байқаудың басты мақсаты – мемлекеттік тілді әскери ортада кеңінен насихаттау, әскери қызметшілердің қазақ тіліне деген құрметін арттырып, тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.

Қазылар алқасына «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасары, полковник Атабек Салихбаев жетекшілік етті. Сондай-ақ қазылар құрамында әскери сала мамандарымен қатар мәдениет және қоғамдық ұйымдардың өкілдері де болды. Олар байқаудың мазмұнды әрі әділ өтуіне ерекше мән берді. Байқауға қатысушылардың сөз саптауы, тіл байлығы мен көркем жеткізу шеберлігі көпшілікті тәнті етті. Көрермендер тарапынан да ерекше қолдау мен қошемет байқалды.

Сайыстың қорытындысы бойынша I орын 5571 әскери бөлімінің кіші сержанты Роллан Бондаренкоға бұйырды. II орынды 3650 әскери бөлімінің ефрейторы Пархат Сеит иеленді. III орынды 5514 әскери бөлімінің жауынгері Мирас Бехтольд пен 5574 әскери бөлімінің аға сержанты Эркинбой Шамуратов өзара бөлісті. Қазақстан халқы Ассамблеясының арнайы сыйлығына 5547 әскери бөлімінің сержанты Сергей Образцов лайық деп танылды. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер арнайы дипломдармен, Алғысхаттармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Бұл іс-шара – ұлтаралық татулықтың, тілге деген құрметтің нақты дәлелі. Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру – елдік пен бірліктің белгісі. Қазақтың заңғар ақыны Жұмекен Нәжімеденовтің:

«Тербейді ана – қуанышты, бақытты,
Тербейді ана – тебіренеді жаны шын.
Тербейді ана уақытты,
Барлық әлем – бір-ақ бесік ана үшін» – деген жыр жолдары дәл осындай игі істердің рухани өзегіндей сезілді.

Мемлекеттік тіл – елдігіміздің темірқазығы. Сондықтан осындай байқаулар – тек бәсеке емес, бірлік пен болашақтың кепілі.

Д. МЫРЗА.
М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің конвергентті журналистика мамандығының 3-курс студенті. Жамбыл облысы.

ІССАПАР

БАСТЫ НАЗАРДА – СОТ ЖҮЙЕСІНІҢ САПАСЫ

Жамбыл облысы бойынша Соттар әкімшісінің басшысы Азиз Әлиев жұмыс сапарымен өңірдегі бірқатар аудандық және мамандандырылған соттарды аралап шықты. Сапардың басты мақсаты – сот мекемелерінің материалдық-техникалық базасын бағалау, инфрақұрылым жағдайымен танысу және сот ұжымдарының жұмыс барысын зерделеу.

Атап айтқанда, Азиз Әлиев кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотта, әкімшілік құқықбұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотта, сондай-ақ Жамбыл, Байзақ, Мойынқұм және Шу аудандық соттарында болды. Әрбір сапар барысында ол сот ғимараттарының жай-күйін, сот процестерінің ұйымдастырылуын, ақпараттық жүйелердің қолжетімділігі мен тиімділігін көзбен көріп, қызметкерлермен тікелей пікір алмасты.

Сот төрағалары, судьялар мен мемлекеттік қызметшілермен өткен кездесулерде Азиз Әлиев сот төрелігінің сапасын арттыру, азаматтардың сотқа деген сенімін нығайту, цифрлық жүйелерді тиімді қолдану және сот процесін оңтайландыру сынды мәселелерге ерекше назар аударды. Ашық диалог форматында өткен кездесулер барысында бірқатар өзекті ұсыныстар мен пікірлер ортаға салынып, жүйелі шешімдер қабылданды.

Жұмыс сапарының қорытындысы бойынша Азиз Әлиев сот жүйесінің қызметін одан әрі жетілдіру бойынша нақты тапсырмалар жүктеді. Ол сот саласындағы басты басымдық әділдік пен ашықтық екенін атап өтіп, сот қызметкерлерін кәсіби жауапкершілік пен халыққа деген адал қызмет ұстанымын берік ұстануға шақырды.

Бұл сапар – сот жүйесін жаңғырту жолындағы маңызды қадамдардың бірі. Сот төрелігінің қолжетімділігі мен тиімділігін арттыру – азаматтардың құқықтық мемлекетке деген сенімінің негізі.

Б. ҚАЙЫПБЕК.
М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің конвергентті журналистика мамандығының 2-курс студенті. Жамбыл облысы.

ҚОҒАМ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК

АЛАЯҚТЫҚПЕН КҮРЕС – ПРОКУРАТУРА БАҚЫЛАУЫНДА

Жамбыл облысында интернет және қаржылық алаяқтықпен күрес жұмыстары жүйелі түрде күшейтіліп келеді. Облыс прокуратурасы мен құқық қорғау органдарының үйлесімді әрекеттерінің нәтижесінде алаяқтық фактілерін анықтау көрсеткіші 383 пайызға өсіп, 2024 жылғы 65 деректен 2025 жылы 314-ке дейін артқан. Бұл тек статистикалық көрсеткіш қана емес, азаматтардың құқығын қорғау бағытындағы нақты қадамдардың тиімділігін дәлелдейді.

Алаяқтардың әрекетін әшкерелеу барысында облыстық Полиция департаментінің жанынан құрылған «Cyberpol» ведомствоаралық тобы ерекше белсенділік танытуда. Облыс прокуратурасының үйлестіруімен жұмыс істейтін бұл топтың арқасында 2021 жылдан бері интернет желісінде жасалған 300-ден аса алаяқтық фактісі анықталды. Соның нәтижесінде 12 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылды.

Солардың бірі – Жамбыл облысының тумасы мен оның алты сыбайласы үш жыл бойы Тараз қаласындағы жалға алынған кеңседе отырып, екінші деңгейлі банктер мен микроқаржы ұйымдары арқылы жалған құжаттармен несие рәсімдеу сызбасын жүзеге асырған. Олар 147 азаматтың атына жалпы сомасы 101 миллион теңгені құрайтын несие рәсімдеп, қаражатты өз пайдасына жаратқан. Бұл дерек бойынша 2025 жылдың 10 қаңтарында Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 190-бабының 3-бөлігі бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталып, 30 мамырда іс сотқа жолданды.

Тағы бір дерек Байзақ ауданында тіркелді. Мұнда 2025 жылдың қаңтарынан наурыз айына дейінгі аралықта ерлі-зайпты азаматтар «WhatsApp» желісі арқылы төмен бағада ыдыс-аяқ сатамыз деген жалған жарнама таратып, 200-ге жуық азаматты алдап соққан. Нәтижесінде жәбірленушілердің жалпы шығыны 120 миллион теңгеден асып жығылды. Аталған факт бойынша 2025 жылғы 4 сәуірде Байзақ аудандық полиция бөлімімен ҚР ҚК-тің 190-бабының 4-бөлігі бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталды. Қазіргі уақытта күдіктілер ұсталып, қылмыстық іс облыстық Полиция департаментімен тергеліп жатыр. Іс Жамбыл облысы прокуратурасының тұрақты бақылауында. Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 201-бабына сәйкес тергеу мүддесіне байланысты басқа мәліметтер жариялауға жатпайды.

Прокуратура органдары тұрғындарды алаяқтықтың түрлі түрлерінен сақ болуға, өздерін банк қызметкері немесе құқық қорғау органы өкілі ретінде таныстыратын бейтаныс адамдардың сөзіне сенбеуге, сондай-ақ интернеттегі күмәнді жарнамалар мен инвестициялық жобаларға алданып қалмауға шақырады. Қоғамдық қауіпсіздік әрбір азаматтың сергек санасы мен құқықтық сауаттылығына да байланысты.

Н. ҒАЛЫМ.
Жамбыл облысы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ-ның (бұдан әрі - Қоғам) электр энергиясымен жабдықтау қызметіне шекті баға жобасын талқылау бойынша жария тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Жария тыңдаулар мына мекен-жайда өткізіледі:

- 2025 жылғы 23 маусым сағат 11-00-де Қызылорда облысы, Арал қаласы, Бақтыбай батыр көшесі, 56 (Мәдениет үйі);
- 2025 жылғы 23 маусым сағат 15-00-де Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Жеңіс паркі, (Мәдениет үйі);
- 2025 жылғы 24 маусым сағат 15-00-де Қызылорда қаласы, Жахаев көшесі, 24 (Достық үйі);
- 2025 жылдың 25 маусым сағат 10-00-де Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Мусахан Зұлпыхар көшесі, н/з («Руханият орталығы»);
- 2025 жылдың 25 маусым сағат 15-00-де Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Абдикаримов көшесі, н/з (Руханият орталығы);
- 2025 жылғы 26 маусым сағат 10-00-де Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, А.Иманов көшесі, 38 (Жыраулар үйі);
- 2025 жылғы 26 маусым сағат 15-00-де Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі, 11 («Руханият орталығы»);
- 2025 жылғы 26 маусым сағат 17-00-де Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Тереңөзек кенті, Қонаев көшесі, 8 (Мәдениет үйі);

Жария тыңдауға қатысу үшін депутаттар, жергілікті атқарушы және мемлекеттік органдардың, БАҚ, үкіметтік емес ұйымдар өкілдері, тәуелсіз сарапшылар және тұтынушылар шақырылады.

Сонымен қатар, Арал, Қазалы, Сырдария, Жалағаш, Қармақшы, Шиелі, Жаңақорған аудандары және Қызылорда қаласы тұрғындары мен өзге де мүдделі тұлғалар онлайн режимінде де «Facebook» әлеуметтік желісіндегі Департаменттің ресми парақшасында жария тыңдауға қатыса (https://www.facebook.com/profile.php?id=100030142456862) алады.

Әрбір тілек білдіруші онлайн режимде өз сұрақтарын қойып, оларға жауап ала алады.

Қосымша сұрақтар бойынша мына телефондарға хабарласуға болады: 8 (7242) 26-23-67, 27-79-74.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики РК по Кызылординской области сообщает о проведении публичных слушаний по обсуждению проекта цен на услуги электроснабжения АО «Кызылординская распределительная электросетевая компания» (далее - Общество).

Публичные слушания состоятся по адресу:

- 23 июня 2025 года, в 11.00 часов- Кызылординская область, г.Аральск, ул. Бактыбай батыр №56 (Дом культуры);
- 23 июня 2025 года, в 15.00 часов- Кызылординская область, Казалинский район, поселка Айтеке би, парк Женис (Дом культуры);
- 24 июня 2025 года, в 15.00 часов- г.Кызылорда, ул. Жахаева, 24 (Дом дружбы).
- 25 июня 2025 года, в 10.00 часов- Кызылординская область, Жанакорганский район, поселок Жанакорган, ул. Мусахан Зулпыхар, б/н (центр Руханият);
- 25 июня 2025 года, в 15.00 часов- Кызылординская область, Шиелийский район, поселок Шиели, ул. Абдикаримов б/н (центр Руханият).
- 26 июня 2025 года, в 10.00 часов- Кызылординская область, Кармакшинский район, поселок Жосалы, ул. А. Иманова №38 (Жыраулар үйі);
- 26 июня 2025 года, в 15.00 часов- Кызылординская область, Жалагашский район, поселок Жалагаш, ул. Желтоксан №11 (центр Руханият);
-26 июня 2025 года, в 17.00 часов- Кызылординская область, Сырдаринский район, поселка Теренозек, ул. Конаева №8 (Дом культуры);

На публичные слушания приглашаются депутаты, представители местных исполнительных и государственных органов, средств массовой информации, неправительственных организаций, независимые экспертизы и потребители.

Вместе с тем сообщаем, что жители Аральского, Казалинского, Сырдарьинского, Жалагашского, Кармакшинского, Шиелийского, Жанакорганского районов и г.Кызылорда и иные заинтересованные лица смогут принять участие на публичных слушаниях также и в режиме онлайн на официальной странице Департамента в социальной сети «Facebook» (https://www.facebook.com/profile.php?id=100030142456862).

Каждый желающий может в онлайн-режиме задать свои вопросы и получить на них ответы.

По дополнительным вопросам можно обратиться по телефонам: 8 (7242) 26-23-67, 27-79-74».

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ТУРАЛЫ

14-1-бап. Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде орналасқан шетелдік банктерде шоттарды (салымдарды) ашуға, иеленуге, қолма-қол ақша мен құндылықтарды сақтауға жол бермеу

1. Жауапты мемлекеттік лауазым атқаратын адамдарға, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға (мәслихат депутаттарын қоспағанда), лауазымды адамдарға Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде орналасқан шетелдік банктерде шоттарды (салымдарды) ашуға және иеленуге, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде орналасқан шетелдік банктерде қолма-қол ақша мен құндылықтарды сақтауға тыйым салынады.

Ескертпе. Осы тармақта көзделген шектеу Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Қазақстан Республикасы бейрезидент банктерінің филиалдарына қолданылмайды.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген адамдар лауазымға орналасқан немесе осы баптың 4-тармағында көрсетілген мәнжайлар жойылған күннен бастап алты ай ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде орналасқан шетелдік банктердегі шоттарды (салымдарды) жабуға және (немесе) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде орналасқан шетелдік банктерде қолма-қол ақша мен құндылықтарды сақтауды тоқтатуға міндетті.

Егер осы баптың 1-тармағында көрсетілген адамдар аумағында шоттары (салымдары) орналасқан және (немесе) шетелдік банкте қолма-қол ақша мен құндылықтарды сақтау жүзеге асырылатын шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес осы шет мемлекеттің құзыретті органдары қолданған тыйым салуға, билік етуге тыйым салуға байланысты немесе осы баптың 1-тармағында аталған адамдардың еркінен тыс еңсерілмейтін күш мән-жайларына (дүлей құбылыстар, әскери іс-қимылдар, төтенше жағдай, банктік шот (салым) туралы шарттың қолданысын мерзімінен бұрын тоқтатудың мүмкін болмауы және өзге де мән-жайлар) байланысты осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген талаптарды орындай алмаған жағдайда, мұндай талаптар тыйым салудың, билік етуге тыйым салудың қолданылуы тоқтатылған немесе өзге де мән-жайлар тоқтатылған күннен бастап алты ай ішінде тиісті фактілерді растайтын құжаттар ұсыныла отырып орындалуға тиіс.

3. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген адамдар Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес мұраны қабылдау нәтижесінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде орналасқан шетелдік банктердегі шоттарды (салымдарды), қолма-қол ақша мен құндылықтарды иеленуге және (немесе) пайдалануға алған жағдайда, көрсетілген адамдар мұраны қабылдаған күннен бастап алты ай ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде орналасқан шетелдік банктердегі шоттарды (салымдарды) жабуға және (немесе) қолма-қол ақша мен құндылықтарды сақтауды тоқтатуға міндетті.

4. Осы баптың 1, 2 және 3-тармақтарының ережелері осы баптың 1-тармағында аталған, Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелеріне, өкілдіктеріне және Қазақстан Республикасынан халықаралық ұйымдарға жұмысқа жіберілген, сондай-ақ көрсетілген ұйымдарға іссапарға жіберілген адамдарға көрсетілген ұйымдардағы жұмыс кезеңіне немесе шетелде білім алатын, немесе шетелде тағылымдамадан өтетін, немесе шетелдік іссапарда жүрген, немесе шетелде емделіп жатқан адамдарға немесе кәмелеттік жасқа толмаған баланың заңды өкілі ретінде не кәмелеттік жасқа толған адамның қорғаншысы немесе қамқоршысы ретінде тиісті адамның шетелде оқуы не емделуі кезеңінде шетелде болатын адамдарға қолданылмайды.

5. Осы бапта көзделген мерзімдер ішінде осы баптың 1-тармағында көрсетілген адамдар мемлекеттік қызметті немесе өзге де тиісті қызметті өз қалауы бойынша тоқтату туралы өтініш беруге құқылы.

Қордай ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы. Жамбыл облысы.

SALYQ TÁRTIBI
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ
БАС РЕДАКТОР
Ғалым ҚАСАБАЙ

МЕНШІК ИЕСІ: «САЛЫҚ ТӘРТІБІ» газетінің редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 2018 жылғы 20 желтоқсанда қайта тіркеліп, №17405-Г куәлігі берілген.

Индекс 65604

Мақала авторларының пікірлері редакцияның көзқарасына сай келе бермеуі мүмкін. Қолжазбаға пікір айтылмайды және авторға қайтарылмайды.

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ТАРАЙДЫ

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:

080003, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 36 «Б», тел.: 8 /7262/ 45-34-52, факс: 43-56-97

e-mail: saltar61@mail.ru
Электрондық сайтымыз:
www.salyq-gazet.kz

Басылым аптасына 3 рет шығады.

Таралымы 17 357
Апталық таралымы 52 071

ГАЗЕТ «Қанатты қалам әлемі» ЖШС-нің баспаханасында теріліп, басылды
080003, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 36 «Б»

Тапсырыс 384